

«Теректі негізгі мектебі» КММ-де 30.05.2024 жылы №6 кезектен тыс кіші педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар – 19 (педагогикалық ұжым)

Кенес төрағасы – М.Е.Аяпбергенов

Хатшы – Ж.Лекерова

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Мектеп директоры М.Аяпбергенов кезектен тыс педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды.

Мектеп директоры М.Е.Аяпбергенов 2023-2024 оқу жылының сәуір айында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 27 маусымдағы №183 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып, мектеп өзін-өзі бағалауды өткізген болатын.

Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясы кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің отырысының шешімімен төмендегі құрамда сайланды:

1. Аяпбергенов М.Е. – мектеп-интернат директоры, комиссия төрағасы
2. Мұхит А.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Аренов Н.Қ. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Әжібаева А.Ә. – мектепалды даярлық тобының жетекшісі, комиссия мүшесі
5. Бауеденова Д. – мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі
6. Жумабаева Г.А. – бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 өлшемшартта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие жұмысына арналған өлшемшарт, қосымшалар, бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары (2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,13-1) негізінде жұмыстар жүргізілді.

Ол бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы осы оқу жылының осы бақылау басталғанға дейінгі барлық бағаланатын кезеңді қамтыды.

Атап айтқанда комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ата-аналарына сауалнама жүргізді және оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар мектеп

туралы жалпы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық (заңдар) құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия, хабарлама. Бағалау елшемшарттарына қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер толтырылып, есеп жасалды. Сонымен қатар, Ақтөбе облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне оқу нысандары мен тілдері бойынша бітіруші сыныптардың (4-9-сыныптар) контингенті туралы дұрыс мәліметтерді, оқу нәтижелеріне бағалау жүргізу кестесін ұсынып, олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдау хат жолданды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының анықтамасымен комиссия мүшесі А.Қ.Мұхит таныстырып шықты.

Шешім:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытынды анықтамасы terekti.uil-roo.edu.kz сайтына орналастырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Хатшысы:



М.Е.Аяпбергенов

Ж.Б.Лекерова